

№28 Ақбота бобекжасай- балабақшасы

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Дене шынықтыру жетекшісі: Төлегенов.Б

2025 жыл

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Өтiлетiн орын: Спорт зал

Күнi 25.09.2025 ж

Ересек топ: «Ақкөгершiн» тобы

Дене шынықтыру жетекшiсi. Төлегенов.

Мақсаты:

Ұлттық ойындар дене шынықтыру iс-әрекетiнде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесiн дұрыс жолға қою, спорттық шеберлiктерiн, мүмкiндiктерiн арттыру.

Қазақ халқының ерлiк – жауынгершiлiк тарихын ұрпаққа ерлiктiң өшпес үлгiсiн қалдырған хан батырлардың өмiр өнегесiмен таныстыру, өз жерiн, өз елiн қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жiгерлi бүлдiршiндердi тәрбиелеу;

Жүргiзушi: Құрметтi ұстаздар мен тәрбиешiлер! Бүгiнгi «Дарабоз» ұлттық сайысымызға қош келдiңiздер! Ортаға сайыскерлерiмiздi шақырайық.

Қаражорға әуенiмен балалар ортаға шығады.

«Ура» деген ұранды бiз тастаймыз

Жүргiзушi:

Жарысымызды ал ендi бастаймыз

«Жеңiске жетемiз!» деп

Жалынды ұран тастаймыз.

Бүгiнгi жарысқа қатысуға екi топ келiп тұр. Осы топтардың жарысына әдiл бағасын беретiн сiздерсiздер.

Ал, құрметтi халайық

Жарысты ендi көрiңiз

Әдiл қазы алқасы

Әдiлбаға берiндер

- дей отырып топ капитандарына сөз берейiк.

Қалқан құлақ

Балалар бiзге алыстан қонақ келдi. Олай болса қонақғымызды ортаға шақырамыз

Саламатсыздарма балалар балалар сендер менi танысындар ма? Олай болса бүгiнгi

сайысты мен жалғастырсам болама . Онда бастаймыз

«Тұлпар» тобы

Қатар өскен құрдасқа,

Жарыс ұнап тұрмас па!

Қуып жету жақсы ғой

Озып шығу бiр басқа.

«Қыран» тобы

Босқа қарап тұрмайық,

Бағымызды сынайық

Намысты қолдан бермейiк

Жарысты озып шығайық.

Қалқан құлақ: Балалар, сендерге сәтгiлiк тiлей отырып, жарысымызды бастаймыз.

Ал, ендi сайысымыздың шарттарымен таныстырайық...

Сайыс шарттары:

1. Бәйге

2. Арқан тартыс

3. Теңге алу
4. Қол күрес
- 5 Аксерек - көксерек

Ойын: Ұлттық ойын «Бәйге»

Ойын шарты: Әр топтың алдына 3 - 4 м кашықтықта межелер белгіленді.

Екі топтың балалары (арақашықтық2м) сап түзеп тұрады. Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс.

Ойын: Ұлттық ойын «Арқан тартыс»

Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын бір түрі. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ өз жағына алып, келсе сол топ жеңіске жетеді.

Ойын: Ұлттық ойын «Шертпек»

Ойын шарты: Бұл ойында ортаға стол қойылады стол үстіне асықтар қойамыз. Ойын бастаушы асықтарды шерітіп қайтады.

Ойын: Ұлттық ойын «Қол күрес»

Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айкастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек.

Қалқан құлақ:

Өнерге биік сеніңіз
Думанға қызық келіңіз
Әділ қазы ел сенген
Өнерге баға беріңіз.

Қалқан құлақ: Құрметті көрермендер, балалар біздің алға қойған мақсатымыз ата – бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ұлттық ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге – құрмет, кішіге – қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру.

Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан - жақты жетілдіруге бағытталған.

Бүгінгі балалармен ұйымдастырылған сайысымызды қорытындылап, әділ шешімімен «Тұлпар» және «Қыран» топтарының арасындағы сайыста достық жеңді. Екі топ алтын және күміс медалдарымен марапатталады. Осымен «Дарабоз» ұлттық спорттық сайысымыз аяқталды.

Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!